

# ТАУАР ЖЕТКІЗУГЕ ЖАРИЯ ОФЕРТА ШАРТЫ

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

«22»01 2024 жылғы редакция

## 1. Жалпы ережелер

1.1. Осы жария оферта Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексіне сәйкес «BazarJoq Kazakhstan» ЖШС-ң шектеусіз тұлғалар шеңберіне (бұдан әрі – Сатып алушы/Сатып алушылар) жолданған осы офертада келтірілген талаптармен тауар жеткізуге жария оферта шартын (бұдан әрі мәтінде – «Шарт») жасасуға ресми ұсынысы болып табылады.

## 2. Анықтамалар

2.1. Осы офертада, егер оның мәнмәтіні өзгеше талап етпесе, төменде келтірілген терминдер келесі мағыналарды білдіреді:

«Тауар» — әрі қарай қайта сату мақсатымен Сатушының үшінші тұлғалардан сатып алатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында өткізуге рұқсат етілген және Тапсырыста көрсетілген азық-түліктер және басқа да тауарлар;

«Сатушы» — «BazarJoq Kazakhstan» ЖШС, БСН 231240021841.

«Сатып алушы» — Сатушымен офертада келтірілген талаптармен Шарт жасасатын және Сатушының Интернет-дүкенінде Тауарға Тапсырыс беруге ниеті бар заңды тұлға/жеке кәсіпкер/жеке тұлға;

«Интернет-дүкен» — Сатып алушының Сатушы ұсынған мәтіндегі және фотосуреттердегі Тауардың сипаттамасымен интернет желісінің көмегімен танысуының негізінде Тауарларды Интернет желісі («<https://bazarjoq.kz> сайты) арқылы көтерме және бөлшек сатып алу-сату үшін құрылған Сатушының дүкені.

«Тапсырыс» — Интернет-дүкендегі Тауарлар тізбесінен жекелеген позицияларды/ассортиментті таңдау. Бұл осы Шартқа қосылуға өтініш болып табылады. Өтінім оны Сатып алушының уәкілетті тұлғасы растаған кезде күшіне енеді;

«Тапсырысты төлеу» - ұсынылған тәсілдердің бірімен (төлем картасының, интернет-банкингтің және т.б. көмегімен) Тапсырыс үшін төлем жүргізу.

«Тараптар» - екеуі де аталған жағдайда «Сатып алушы» және «Сатушы».

«Акцепт» — Сатып алушының өз атынан, сондай-ақ оның жеке кабинетін пайдаланатындардың атынан сайтта пайдаланушы ретінде тіркелу арқылы осы офертаның талаптарын толық және бұлтарыссыз қабылдауы.

## 3. Негізгі талаптар

3.1. Осы оферта Тауарларды Интернет-дүкенде жеткізуді, соның ішінде Сатып алушының Тауарларды өз еркімен таңдауын; Сатып алушының Тапсырысты өз бетінше рәсімдеуін және Тауар үшін төлемнің жүргізілуін; Тапсырыс бойынша Тауарды өндеуді және Сатып алушыға осы офертаның талаптарымен жеткізуді (беруді) реттейді. Осы Шарт қашықтан жасалған, екі жақты қол қоюды талап етпейді және электрондық түрде жарамды болып табылады.

3.2. Сатып алушының осы оферта талаптарын сақтай отырып, Сатушының «<https://bazarjoq.kz/ru>» интернет-сайтында көрсетілген мерзімнің ішінде және Тауар бағасымен Тапсырысты рәсімдеу фактісі осы Шартты жасасуға Сатушының ұсынысын Сатып алушының толық және сөзсіз қабылдау сәті (акцепті) болып саналады.

3.3. Тапсырысты рәсімдеу арқылы Сатып алушы Сатушының осы ұсынысының талаптарын (офертаны) келіскенін және сөзсіз қабылдағанын растайды.

3.4. Осы офертаның талаптарын қабылдай отырып (Тапсырысты рәсімдеу арқылы) Сатып алушы келесіні растайды:

3.4.1. Сатып алушы Шарт жасасуға осы ұсыныстың (офертаның) талаптарымен толықтай және тұтастай танысты және олармен келіседі. Сатып алушы Интернет-дүкенде тіркелу ережелерімен, сондай-ақ төлеу шарттарымен және Интернет-дүкеннің сайтында орналастырылған басқа ақпаратпен таныстырылды;

3.4.2. Сатып алушы Сатушыға дербес деректерді жинауға және өңдеуге (соның ішінде трансшекаралық беруге), дербес деректердің Сатып алушының Интернет-дүкенінің парақшасында жеке кабинетте көрсетілуіне өз келісімін береді. Осы тармақтың мақсаттарына сәйкес дербес деректерді өңдеу деп оларды статистикалық, жарнамалық, маркетингтік және басқа мақсаттарда жинауды, жүйелендіруді, жинақтауды, сақтауды, пайдалануды, электрондық хаттарды, SMS-хабарламаларды және Push-мәлімдемелерді таратып жіберуді, осы оферта мақсаттары үшін акциялар туралы хабардар етуді және басқа да әрекеттерді айтады. Сатушы Сатып алушының дербес ақпаратына заңсыз немесе кездейсоқ қол жеткізуден, жоюдан, өзгертуден, бұғаттаудан, көшіруден, таратудан, сондай-ақ үшінші тұлғалардың басқа заңсыз әрекеттерінен қорғау үшін қажетті және жеткілікті шараларды қабылдауға міндеттенеді. Сатушы сайтта тіркелу және Тапсырыстарды рәсімдеу кезінде Сатып алушының ұсынған ақпаратының мазмұны, толықтығы және дұрыстығы үшін жауапкершілік көтермейді. Бұл жауапкершілікті Сатып алушы өзіне алады.

#### **4. Тапсырысты сайтта рәсімдеудің тәртібі**

4.1. Сатып алушы Тапсырысты Интернет-дүкенде жеке кабинет арқылы өзі рәсімдейді. Тапсырысты рәсімдей отырып, Сатып алушы бір уақытта Тауарды жеткізу және оны төлеу талаптарымен келіседі.

4.2. Тапсырысты сайтта рәсімдеу үдерісі аяқталғаннан кейін оған автоматты түрде бірегей сәйкестендіру нөмірі («тапсырыстың №») беріледі.

4.3. Тапсырысты алған соң Сатушы Тапсырыстағы деректерге сәйкес оны өңдеуге кіріседі:

- Сатушы Тапсырыстағы Тауарлардың болуын тексереді;
- Тауар позициялары қоймада болмаған жағдайда Сатушы жеке кабинетте көрсетілген телефон нөмірі бойынша Сатып алушымен байланысады және Тапсырысты түзейді – тауар позицияларын қосады/ауыстырады, немесе Сатып алушының талабы бойынша Тапсырыстан/Тапсырыстың бір бөлігінен бас тартады;
- Егер Сатушы Сатып алушымен ол ұсынған телефон нөмірі бойынша Тапсырысты жинауды аяқтағанға дейін байланыса алмаса, Тапсырысты әрі қарай түзеу жүргізілмейді, қолда жоқ тауар позициялары Тапсырыстан алып тасталады, ал салмағы өлшенетін тауар Сатушының қарап білгенінше Сатып алушының Тапсырыста мәлімдеген салмағының жанында, көбейту немесе азайту жағына қара түзетіледі;
- Егер Тапсырыстағы тауарлар қолда болмаса және Сатушы Сатып алушымен оның жеке кабинетте көрсеткен телефон нөмірі бойынша байланыса алмаса, Сатушы сондай-ақ Тапсырыстың күшін жоюға құқылы.
- Салмағы өлшенетін тауардың құнын Сатушы оның қорытынды нақты салмағына сәйкес Сатып алушының тапсырыстағы салмақтың жанындағы нақты қорытынды салмағының жанында түзейді;

4.4. Сайтта орналастырылған Тауар туралы барлық ақпарат Тауарларды өндірушілер/жеткізушілер ұсынған, тапсырыс беріліп жатқан Тауарлардың белгілі бір қасиеттері мен сипаттамалары туралы ақпаратты көрсетеді.

4.5. Тапсырысты рәсімдеу кезінде Сатып алушыда Тауарды сатып алу туралы шешім қабылдау үшін қажетті, Тауардың қасиеттері мен сипаттамаларына қатысты сұрақтар туындаған жағдайда Сатып алушы Сатушыға жүгінуге құқылы. Тауарды сатып алу туралы шешім қабылдау мақсатында қажетті қосымша ақпарат алу үшін Сатып алушы жүгінбеген жағдайда Сатып алушы Тауарды таңдау үшін өз бетінше жауапкершілік көтереді.

4.6. Тауарды Сатып алушыға беру міндеті Сатушы тарапынан Тауарды Сатып алушыға берген кезде саны мен сапасы бойынша орындалған болып саналады. Тауарға меншік құқығы Сатып алушыға ол Тауарды берген және қорларды шетке босатуға жүкқұжатқа қол қойған кезде ауысады.

4.7. Өз аккаунтының есеп жазбасының деректемелерін үшінші тұлғаларға беруге Сатып алушының құқығы жоқ және олардың құпиялылығын ол өз бетінше сақтауға міндетті. Тараптар Сатып алушының жеке кабинетіне қол жеткізу деректемелерінің көмегімен жасалған барлық іс-қимылдарды Сатып алушы, сондай-ақ Сатып алушының еркі бойынша және келісімімен жасаған деп санауға келісті. Сатушы Сатып алушының алдында сайттағы жеке кабинеттің деректемелерін рұқсатпен немесе рұқсатсыз берудің себебінен Сатып алушыға келтірілген кез келген зиян үшін жауапкершілік көтермейді.

4.8. Сатушы телефон арқылы әңгімелерді жазып алуға, оларды сақтауға, пайдалануға, үшінші тұлғаларға беруге құқылы. Телефон арқылы әңгімелер мына мақсаттарда, бірақ онымен шектелмей, Тапсырыстарды орындау сапасын бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ Сатып алушыларға (оның өкілдеріне) қызмет көрсету сапасын бақылау мақсатында жазып алынады.

4.9. Сайтты пайдалану кезінде Сатып алушыға тыйым салынады:

- Қазақстан Республикасының заңнамасымен/на тыйым салынбаған/сай келмейтін, қоқан-лоққы мағынасындағы сөздері бар, басқа Сатып алушылардың немесе үшінші тұлғалардың беделін түсіретін немесе қорлайтын, дөрекі, орынсыз болып табылатын, алаяқтық сипаты бар, жеке басының немесе көпшіліктің мүдделеріне қол сұғатын, нәсілдік, діни, этникалық өшпенділікті немесе алауыздықты насихаттайтын кез келген ақпаратты, заңмен қорғалатын адам мен азаматтың құқықтарын бұзатын басқа кез келген ақпаратты жүктеуге, жариялауға, беруге немесе басқа жолмен көпшілікке жеткізуге (бұдан әрі - орналастыруға);
- Сатып алушы өзі сол тұлға болып табылмайтын тұлғаның атынан аккаунтты тіркеуге (жасанды аккаунт), немесе тұлғалар тобының аккаунтын тіркеуге;
- Сайтта телефон нөмірлерін, электрондық пошта мекенжайларын, жеке басын куәландыратын деректерді және кез келген үшінші тұлғалардың басқа дербес деректерін олардың мұндай іс-қимылдарға жеке келісімінсіз орналастыруға;
- Сатушы оларға қатысты сайтты арам жолмен пайдалану, тура сол сияқты техникалық, бағдарламалық құралдарды құқықтық теріс пайдалану болжамы туындайтын Сатып алушыларға бір жақты тәртіппен шектеу шараларын қолдану (оған қоса, бірақ онымен шектелмей, аккаунтты бұзаттау) үшін құқығын өзіне қалдырады.

## **5. Тапсырысты төлеу тәртібі**

5.1. Сатып алушы Тапсырысты ҚҚС ескере отырып теңгемен, ұсынылған тәсілдердің бірімен, оған қоса, бірақ онымен шектелмей, екінші деңгейдегі банктерде ашылған шоттардың көмегімен төлем жүргізу арқылы, қолма қол ақшамен және т.б. төлейді.

5.2. Тапсырысты Сатып алушы:

5.2.1. «Онлайн» төлеген жағдайда Тапсырысты рәсімдеген сәттен бастап 5 (бес) минуттың ішінде, немесе

5.2.2. шот бойынша төлеген жағдайда Тапсырысты рәсімдеген күннен бастап 2 (екі) банктік күннің ішінде, немесе

5.2.3. қолма қол ақша қаражаттарымен курьерге төлеген жағдайда Тауарды алған және шетке қорларды босатуға жүкқұжатқа қол қойған кезде;

Төлемеген немесе уақтылы төлемеген, яғни төлеу шарттарын бұзған жағдайда Тапсырыстың күші автоматты түрде жойылады.

5.3. Сатып алушының тиісті Тапсырыстағы Тауарды төлеу міндеттемелері ақша қаражаттары толық көлемде Сатушының банк шотына келіп түскен сәттен бастап орындалған болып саналады.

## **6. Сапасыз Тауарды жеткізу және қайтару (айырбастау) шарттары**

6.1. Тапсырысты жеткізу Сатушының және/немесе көлік компаниясының күшімен Сатып алушының Тапсырысты рәсімдеу кезінде көрсеткен мекенжайына және деректері бойынша жүзеге асырылады.

6.2. Тапсырыс берілген Тауарға меншік құқығы, сондай-ақ Тауарды кездейсоқ жоғалту (жойып алу) немесе зақымдау тәуекелі Сатушыдан Сатып алушыға немесе Сатып алушының алушы ретінде көрсеткен тұлғасына Тауарды Сатып алушыға (оның өкіліне) берген және қорларды шетке босатуға тиісті жүкқұжатқа қол қойған кезде ауысады.

6.3. Тапсырысты қабылдаған кезде Сатып алушы (оның өкілі):

6.3.1. Тауар қаптамасының сыртқы зақымдарының болмауын тексеруге;

6.3.2. Тапсырыстағы барлық Тауарлардың болуына көз жеткізуге міндетті.

Сатушы Сатып алушының (оның өкілінің) Тауарды тексерусіз қабылдағаны үшін жауапкершілік көтермейді. Мұндай жағдайда Сатып алушы Тауарда және/немесе оның қаптамасында сыртқы зақымдары болған жағдайда барлық тәуекелдерді толық көлемде қабылдайды.

6.4. Сатушы Тапсырыста Сатып алушымен келіскен жеткізу күні мен уақытын сақтау үшін бар күшін салады, алайда жеткізуді кешіктіру Сатушының кінәсінен орын алмаған күтпеген жағдайлардың себебінен болуы мүмкін. Мұндай кешіктірулер Сатып алушыға тапсырыс берілген Тауарды қабылдаудан бас тартуға құқық бермейді.

6.5. Сатушы Тапсырыста рәсімделген Тауарды Сатып алушының жеке кабинетте көрсеткен жеткізу мекенжайы бойынша жеткізеді. Сатушы Тауарды берер алдында Сатып алушыны сәйкестендіруге және бұл процедураны өтпеген/жеке басын куәландыратын құжат көрсетілмеген жағдайда Тауарды беруден бас тартуға құқылы.

6.6. Тапсырысты жеткізу орнына баратын жол болмаған жағдайда ол Сатып алушыға (оның өкіліне) жеткізуді жүзеге асыруға мүмкіндік болған жерде берілетін болады.

6.7. Тауарлар Сатып алушыға немесе Тапсырысты алушы ретінде көрсетілген тұлғаға, немесе Сатып алушы және/немесе алушы уәкілеттік берген тұлғаға, немесе Тауарды жеткізу мекенжайы бойынша қабылдап жатқан тұлғаға тапсырылады. Қорларды шетке босатуға арналған жүкқұжатқа қол қоя отырып, Сатып алушы және/немесе алушы Тауардың саны, сапасы, жиынтықталуы және сыртқы көрінісі бойынша ешқандай шағымдарының жоқтығын растайды.

6.8. Сайтта онлайн төленген тапсырыс берілген Тауарды тапсырған кезде тапсырыс берілген Тауарды жеткізуді жүзеге асыратын Сатушының өкілі Сатып алушының жеке басын куәландыратын құжатты көрсетуді талап етуге құқылы, бірақ міндетті емес. Бұл іс-қимылдар алаяқтық жағдайларын болдырмауға бағытталған.

6.9. Сатып алушы Сатушыға (оның өкіліне) тапсырыс берілген Тауарды беру фактісін белгілеп алу үшін, Тауарды алушыға беру фактісін суретке түсіріп алуға келісімін береді.

6.10. Сапасыз Тауарды қайтарумен (айырбастаумен) байланысты мәселелер Тараптардың келісімі бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелерін ескере отырып шешіледі.

6.11. Сатып алушы кез келген уақытта себептерін түсіндіре отырып, тапсырыстан бас тартуға және/немесе тапсырысты жеткізу уақытын, күнін немесе мекенжайын өзгертуге құқылы.

6.12. Сатып алушыға сапасыз немесе зақымдалған Тауарды жеткізген жағдайда Сатып алушы өз шағымын осы офертада және сайтта көрсетілген байланыс деректері бойынша, жүгіну себебін көрсете отырып және сапасыз немесе зақымдалған тауардың фотосуреттерін тіркей отырып, жіберуге құқылы. Бұл жағдайда Сатушы не сапасыз немесе зақымдалған Тауардың орнына Тараптар келіскен мерзімнің ішінде сапалы тауарды жеткізуге, не ақша қаражаттарын қайтаруға құқылы. Сатушы Тауарды онлайн-қайтару құқығын Сатып алушы теріс пайдаланып отыр деп болжап жатқан болса, Сатушы Сатып алушыдан онлайн-қайтарылған Тауарды қабылдамауға құқылы.

- 6.13. Екінші деңгейдегі банктердің талаптарына сәйкес ақша қаражаттарын Сатып алушының банк картасына 7 (жеті) жұмыс күнге дейінгі мерзімнің ішінде қайтарылады.
- 6.14. Сапасыз немесе зақымдалған Тауарды айырбастау немесе қайтару кезінде Шарттың 6.12 т. және «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының ережелері ескеріледі.

## **7. Тараптардың құқықтары және міндеттері**

7.1. Сатушы міндетті:

7.1.1. Осы Шарттың талаптарын орындауға;

7.1.2. Сатып алушыға Тауарды Интернет-дүкенде таңдап алынған үлгіге, рәсімделген Тапсырысқа және осы Шарттың талаптарына сәйкес табыстауға.

7.1.3. Тауарды Сатушының қоймасында қаптау кезінде Тауардың сандық және сапалық сипаттамаларын тексеруге.

7.2. Сатушы құқылы:

7.2.1. Сатып алушы осы Шарттың талаптарын айтарлықтай бұзған жағдайда осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындаудан бір жақты соттан тыс тәртіппен бас тартуға;

7.2.2. Осы офертаны бір жақты өзгертуге және толықтыруға, соның ішінде Тауарларды сату талаптарын және (немесе) тәртібін, Тауарлардың санын және (немесе) жиынтықталуын өзгертуге. Осы офертаға өзгертулерді және/немесе толықтыруларды енгізгеннен кейін Сатып алушының сайтты пайдалануды жалғастыруы Сатып алушының осындай өзгертулермен және толықтырулармен сөзсіз келіскенін және оларды қабылдайтынын білдіреді.

7.2.3. Сатып алушымен келісусіз осы офертаны орындау бойынша өз құқықтары мен міндеттерін үшінші тұлғаларға беруге, сондай-ақ осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау үшін үшінші тұлғаларды тартуға.

7.3. Сатып алушы міндетті:

7.3.1. Тапсырысты осы Шарттың талаптарын сақтай отырып, уақтылы төлеуге және алуға.

7.3.2. Тауарды алу кезінде Сатып алушы Сатушының өкілінің қатысуымен тауар жүкқұжатының сәйкестігін тексеруге, тауарды атауы бойынша тауардың санына, сапасына, жиынтықталуына көз жеткізуге тиіс.

7.4. Сатып алушы құқылы:

7.4.1. Тауарды осы Шарттың талаптарын сақтай отырып сатып алуға;

7.4.2. Сатушыдан осы Шарттың талаптарын орындауды талап етуге.

## **8. Тараптардың жауапкершілігі**

8.1. Тараптар осы Шартта көзделген тәртіппен, ал ол Шартта көзделмеген бөлігінде – Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес осы Шарттың талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілік көтереді.

8.2. Сатушы мыналар үшін жауапкершілік көтермейді:

8.2.1. өндірушінің Тауардың сыртқы түрін (қаптамасын) өзгерткені;

8.2.2. оның бақылау саласынан тыс тұрған себептер бойынша орын алатын қызметтерді (Тапсырысты өңдеу, жеткізу бойынша) ұсынудағы кідірістер мен іркілістер;

8.2.3. Сатып алушының өз желілік сәйкестендіргіштерін – IP, MAC-мекенжайларын, логин және құпиясөзін, ЭЦҚ кілттерін және т.б. үшінші тұлғаларға беруі.

8.3. Еңсерілмейтін күш жағдайлары басталған және әсер еткен жағдайда Тараптар осы Шарттың талаптарын орындаудан бас тартады. Осы Шарттың мақсаттары үшін еңсерілмейтін күш жағдайларына төтенше күтілмеген сипаттағы, осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындауды болдырмайтын немесе оларға объективті түрде кедергі жасайтын, басталуын Тараптар орынды тәсілдермен болжай алмаған және алдын ала алмаған оқиғалар жатады.

8.4. Сатып алушы осы Шарттың мәні болып табылатын Тауардың санын, сипаттамаларын немесе қасиеттерін дұрыс таңдамаған жағдайда Сатушы ол үшін жауапкершілік көтермейді.

## **9. Басқа талаптар**

9.1. Сатып алушының Интернет-дүкенде рәсімделген Тапсырысты төлеуі Сатып алушының осы Шарттың талаптарына толық және сөзсіз келісетінін білдіреді және Сатып алушы мен Сатушының арасындағы Тауарды жеткізу шартының нақты жасасу күні болып табылады.

9.2. Сатып алушы ұсынатын ақпарат құпия болып табылады. Интернет-дүкен Сатып алушы (оның өкілдері) туралы ақпаратты тек қана Тапсырысты өңдеу, Сатып алушыға хабарламалар жіберу, тауарды жеткізу, өзара есеп айырысуларды жүзеге асыру және т.б. үшін пайдаланады.

9.3. Кез келген себептермен жеткізілмеген Тауар үшін ақша қаражаттары тек қана Сатып алушының жазбаша өтінішінің негізінде, Сатушыға төлем жасалған Сатып алушының банк шотына, Сатушының үлгісі бойынша мұндай өтініш Интернет-дүкеннің электрондық поштасына берілген күннен бастап 7 (жеті) банктік күннің ішінде қайтарылады.

## **10. Шарттың қолдану мерзімі**

10.1. Осы Шарт Сатып алушы Сатушының жария офертасын акцепттеген сәттен бастап жасалған болып саналады және күшіне енеді. Оны Сатып алушының Интернет-дүкеннің сайтында Тапсырысты рәсімдеуі және растауы білдіреді және Шарт Тараптар өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін әрекет етеді.

10.2. Осы Шарт келесі жағдайларда бұзылуы мүмкін:

10.2.1. Тараптардың келісімі бойынша;

10.2.2. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда Тараптардың бірінің бастамасы бойынша бір жақты тәртіппен.

10.3. Осы Шартта көзделмеген жағдайлардың барлығында Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

10.4. Сатып алушы осы талаптардың оған түсінікті болып табылатынына кепілдік береді және оларды сөзсіз және толық көлемде қабылдайды.

10.5. Шарт әр Тарап үшін бір данадан, заңды күші бірдей екі данада жасалды.

«BazarJoo Kazakhstan» ЖШС

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы, қаласы

Бостандық ауданы, Байзақов көшесі,

280-ғимарат, пошта индексі А15G7M6

БСН 231240021841

ЖСК KZ14601A861027086801

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ

БСК: HSBKKZKX

Бас директор

Жарғының негізінде әрекет ететін

Романов Артем Владимирович